тау-кен институты кеңейтіліп, политехникалық институтқа айналды, оның жанынан металлургия факультеті ашылып, ол кейін Теміртау зауыт-жоғары техникалық оқу орны ретінде енші алып, бөлініп шықты. 1960 жылдың 3 шілдесін біз Қазақстан Магниткасының туған күні деп есептейміз. Дәл осы күні №1 домна пешінің науасынан тұңғыш қазақстандық шойын селі тасқындап, Теміртаудың жаңа тарихының беттері жазылды. Айтулы оқиғаға байланысты өткен салтанатқа Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаев қатысып, теміртаулықтарды тамаша еңбек табысымен құттықтады. Алғашқы шойын алу вахтасына жас металлург, болашақ Елбасымыз Н.Назарбаев та тұрды. Ол №1 домна пешінің шойыншысы еді. 1958 жылы Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеде өзімен бірге барған 70 шақты қазақ жастарымен бірге Днепр металлургия зауытында тағылымдамадан өткен. Басына киіз қалпақ киіп, күлімдеп тұрған және бір топ домнашылармен түскен тарихи суреттер Н.Назарбаев домна цехының горновойы болып жүргенде бейнеленген. Еңбек жолын қарапайым металлургтен бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Магниткасының отжалынды цехтарында құрыштай шыңдалды, өндірістік және қайраткерлік жолдан өтті. Магниткада, Теміртауда комсомол, партия жұмысында жүріп Нұрсұлтан Әбішұлы бойына қайраткерлік қасиеттерді сіңіре білді. Оның еңбектес серіктері де осы жерде еңбек жолын бастап, биіктерге өрледі, Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын нығайтуға лайықты үлес қосты. Теміртау қаласы алып құрылыс алаңына айналды. Мұнда металлургия өндірістерін салуға мамандандырылған бас мердігер - «Казметаллургстрой» тресімен қатар ондаған, тіпті жүздеген одақтық, республикалық қосалқы мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдары иін тіресе еңбек етіп жатты. Алғашқы домнадан кейін бірінен соң бірі үш домна пеші, жеті кокс батареясы, екі агломерат фабрикасы, мартен, конвертер цехтары, прокат стандарты іске қосылды. Қала адам танымастай өзгерді. Мыңдаған шаршы метр тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, балабақшалар салынды. Металлургтердің мәдениет сарайы, стадион, спорт кешендері, Жауыртау етегінде шаңғы базасы, тағы басқа әлеуметтік-мәдени ғимараттар бой көтерді. Айта кететін тағы бір жайт - 90-жылдардың ортасында Одақ ыдырап, бұрынғы байланыстар үзіліп, комбинат тоқтап қалуға жақындағанда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бір алып өндіріс орнын қалай аман сақтап қалғандығы, яғни қазіргі «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы сияқты қуатты инвестор тауып беруі. Бұл компания, сондай-ақ, Қарағанды көмір бассейнінің кокстелетін көмір өндіретін шахталарын да бауырына басты. Комбинаттың жаңа қожайыны адамдарды жұмыспен қамтамасыз етіп, уақытында жалақы төлеп отырумен қатар, өндірісті жаңартып, жаңа цехтар мен осы заманғы өндірістер ашуда. Солардың арасынан ыстықтай алюминдеу өндірісін, болатты үздіксіз құю машиналарын, жаңа сортты прокат цехын, жаңартылып, қайта құрылған үшінші және төртінші домна пештерін айтсақ та жеткілікті. Әлемдік дағдарысқа қарамастан, компания Елбасы ұсынған үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаның белсенді қатысушысы болып табылады. Көптеген жобалар ойластырылған. Соның бірі бірқатар экологиялық нысандар - су дайындау кешені, аглоөндірістегі шаң тазарту жүйесі, 1- конвертердің газ тазарту қондырғысы, әк күйдіру цехындағы айналмалы пештің газ тазарту желісі және т.т. Осы жобалар жүзеге асқанда ауаға лас заттарды шығару жылына 20 мың тоннаға азаймақ. Демек, табиғат қорғау шараларына қомақты үлес болып қосылмақ. Сондай-ақ, еңбек қорғау бағытында да жыл сайын айтулы істер атқарылып келеді. Қазақстан Магниткасы - еліміздің бетке ұстар өндірісі. Ол бүгінде Қазақстандағы ғана емес, халықаралық ірі «АрселорМиттал» компаниясында болат өндіру жөнінен бірінші орын алатын таңдаулы кәсіпорынның бірі болып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев білікті металлург, өндіріс ұйымдастырушысы, ел экономикасының бас менеджері ретінде Теміртау металлургия комбинатының жұмысын назардан тыс қалдырмайды. Қарағанды облысына сапары кезінде Теміртау қаласына арнайы соғып, оның цехтарын аралап, адамдарының жағдайымен танысады, өзімен бірге қоян-қолтық

еңбек етіп, араласқан азаматтармен емен-жарқын амандасады. Елбасы еңбек жолының Магниткадан басталғанын мақтан етеді.

Қазіргі таңда **Теміртау қаласы- ірі индустриалдық орталық болып саналады.** Қаланың аумағы 29610 га құрайды, онда 179 200 адам тұрады. Өзінің экономикалық ерекшелігі бойынша Теміртау қаласы дамыған инфрақұрылымдарымен ірі индустриалдық орталық болып табылады, қалада 1201 кәсіпорын жұмыс істейді. Теміртау қаласының өнеркәсіптік өндірісінің құрылымы бойынша, металлургия өнеркәсібі мен металл өңдеу, химия өнеркәсібі, тамақ және ұн тарту өнеркәсібі, электрэнергетикасы, басқа да металл емес минаралды өнімдердің өндірісі бар.

Қаладағы білім ордаларына келетін болсақ, Теміртау қаласында бір жоғарғы оқу орны: Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, сонымен қатар медициналық, политехникалық және музыкалық колледждер, «Мирас» колледжі, 4 кәсіби лицей жұмыс істейді.

Теміртау-елімізге ғана емес, Республикамыздан өзге жерлерге танымал шығармашылық ұжымдарымен мақтана алатын, мәдениеті жоғары дамыған қала. 2011 жылдың 22 қарашасында Теміртау қаласында Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы ашылды. Осы тарихи-мәдени орталықты тамашалауға шет елден де қонақтар келеді. Сонымен қатар, шаһарда балалар мен жасөспірімдер театры; тарихи-өлкетану мұражайы, Қалалық мәдениет сарайы; Мәдени және демалыс бағы; Нашар еститіндердің Мәдениет үйі, «Ақтау» мәдени бос уақыттарын өткізу орталығы; екі кинотеатр жұмыс істейді. Теміртау қаласының аумағында қалаға ерекше көрік беретін мәдени орындар мен ескерткіштерге тоқталсақ, Балалар мен жасөспірімдер театры; Мәдениет үйінің ғимараты; Ұлы Отан соғысында қайтыс болған теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіштерді ерекше атап өтуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Зейін Шашкин. “Теміртау”. - Алматы, 1960 ж.
2. Зейін Шашкин. Теміртау “Сенім” . - Алматы, 2012ж.
3. Несіпбай Айқынбек. “Ел қуатының тірегі”. - Алматы, 2021ж.
4. Байқадамов Б. “Теміртау жастарының жыры”.
5. Ілияс Жақанов. “Теміртау түні”, 2001ж.
6. Теміртау - Елбасына берік тұғыр болған мекен. <https://www.inform.kz>.
7. Теміртау қаласы. <https://www.zharar.com>.

***Н. Жакупова, студент 4 курса специальности «Менеджмент»**
Научный руководитель: **Каменова М.Ж.**, д.э.н., профессор
КазУЭФМТ, г. Нур-Султан*

ПРОБЛЕМЫ И ОЦЕНКА ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ ТРУДА ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация. В статье рассматриваются основные проблемы производительности труда как важного экономического показателя в филиале АО «Народный Банк Казахстана» через систему оценки тайм-менеджмента с использованием фотографии рабочего времени, при помощи наблюдения с дальнейшим изучением этих затрат времени по видам, на протяжении одного рабочего дня.

Современные предприятия постоянно адаптируются к динамично изменяющимся политическим, экономическим и прочим условиям, в которых они должны не только сохранить свои ресурсы, но и развиваться, повышая свою производительность труда.

Производительность труда — важнейший экономический показатель, характеризующий эффективность затрат труда в материальном производстве как отдельного работника, так и коллектива предприятия в целом. Производительность труда измеряется количеством времени, затрачиваемым на единицу продукции либо количеством продукции, выпущенной работником за какое-то время. Под ее ростом подразумевается экономия затрат труда (рабочего времени) на изготовление единицы продукции или дополнительное количество произведенной продукции в единицу времени, что непосредственно влияет на повышение эффективности производства. Повышение производительности труда — один из объективных экономических законов, присущих каждой общественно-экономической формации. Развитие производительных сил позволяет сократить затраты труда на изготовление различных продуктов, предназначенных для личного или общественного потребления. По мере открытия законов природы, накопления людьми опыта, овладения знаниями и их использования происходит последовательный рост производительности труда.

В условиях современности актуальной считается проблема роста уровня производительности труда, которая является важным экономическим показателем, способным характеризовать эффективность затраченного труда в производстве, как отдельного рабочего, так и всего коллектива. Рост производительности труда способствует развитию производительных сил, позволяя сокращать затраты труда при изготовлении различных продуктов, которые предназначаются для личного или общественного потребления. Важнейшим фактором производительности труда в масштабах государства является уровень занятости населения. Воздействие на показатель производительности труда способна оказать и квалификация производственного персонала. Можно выделить главные цели, которые могут привести к росту эффективности производства: Уменьшение производственных издержек и рост прибыльности; Рост гибкости производственного процесса; Увеличение качества выпускаемых товаров; Улучшение процесса технического и технологического контроля. Резервы роста производительности труда Резервы увеличения показателя производительности труда включают неиспользованные возможности при экономии затрат труда. Показатель производительности труда можно считать подвижным и динамичным значением результативности труда и производственной эффективности. Производительность может корректироваться рядом факторов.

Модернизация оборудования, внедрение передовых технологий и научно-технических разработок также способствует росту производительности труда. Большое влияние имеет и организация производственных процессов, которая дает возможность определения совершенного управления производством, рациональных приемов выполнения операций и выявления прочих важных факторов. Научная организация труда включает большие потенциальные резервы роста эффективности труда с минимумом дополнительных материальных затрат.

Для проведения оценки производительности труда и выявления существующих проблем в филиале АО «Народный Банк Казахстана», на наш взгляд, целесообразно провести оценку тайм-менеджмента с использованием фотографии рабочего времени, при помощи наблюдения с дальнейшим изучением этих затрат времени по видам, на протяжении одного рабочего дня. Нами выбраны с этой целью - менеджер по работе с клиентами. Выбор данной категории сотрудников объясняется тем, что менеджерам крайне необходимо управлять своим временем, то есть уметь распоряжаться и планировать своим рабочим временем.

Установленное время участия в трудовой деятельности в соответствии с трудовым законодательством, продолжительностью рабочей недели, месяца, дня или года называется рабочим временем.

Рабочее время включает в себя время, использованное на выполнение производственного задания - основное время, подготовительно-заключительное время, время обслуживания рабочего места.

Время, потраченное на перерывы, включает в себя время перерывов, время, обусловленное нарушением трудовой дисциплины, время на отдых и личные надобности. Для проведения хронометража менеджера, для начала необходимо проанализировать условия организации его работы.

Показатели уровня организации труда менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» представлены в таблице 1, окружающая обстановка – таблица 2.

Таблица 1 – Показатели уровня организации труда менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный банк»

Направление анализа и критерии оценки	Характер проявления		
	Постоянно	Иногда	Редко
Условия работы	2	3	4
1	2	3	4
Неудобная или стесненная поза		+	
Слишком большая скорость рабочего процесса	+		
Шум, создаваемый оборудованием		+	
Шум, создаваемый людьми		+	
Необходимость напряженного внимания	+		
Необходимость повышения голоса		+	
Жара			+

Таким образом, рабочее место менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» практически соответствует нормативам. В кабинете установлен кондиционер, поэтому качество температуры воздуха можно отметить, как располагающее. Помимо данного менеджера, в кабинете сидит еще 3 менеджера, поэтому он постоянно отвлекается на приходящих клиентов банка. К тому же постоянно приходит начальник филиала и отвлекает менеджеров от выполнения их текущих трудовых обязательств.

Таблица 2 – Окружающая обстановка

Параметр	Удобная	Располагающая	Неудобная
1	2	3	4
Освещение	+		
Вентиляция	+		
Температура воздуха		+	
Вибрация			+
Меблировка		+	
Примечание - Составлена автором			

Также на удовлетворительном уровне находится оснащение рабочего места менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный банк». Все имеющееся оборудование модернизировано, монитор среднего размера и не надо напрягать глаза. Но

единственным минусом является рабочий стул менеджера, так как он не вращается, а это крайне неудобно, когда приходят клиенты.

Рабочий день менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» длится 8 часов, с 9.00 до 18.00 с перерывом на обед с 13.00-14.00.

Полученная индивидуальная фотография рабочего времени менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» представлена в таблице 3.

Таблица 3 – Индивидуальная фотография рабочего времени менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный банк»

№ п/п	Затраты времени	Текущее время, ч-мин	Продолжи – тельность, мин	Индекс
1	2	3	4	5
1.	Приход на работу	9.10	10	ПНД
2.	Включение компьютера. Загрузка личных данных	9.15	5	ПЗР
3.	Разговор с другим менеджером по личным делам	9.30	15	ПНД
4.	Работа с клиентами	10.45	75	ОП
5.	Перерыв на кофе с сотрудниками	11.30	45	ПНД
6.	Работа с клиентами	12.10	40	ОП
7.	Уход по личным надобностям	12.28	18	ОТЛ
8.	Работа с клиентами	13.00	32	ОП
9.	Перерыв на обед	13.55	55	
10.	Работа с клиентами	14.40	40	ОП
11.	Уход по личным надобностям	15.05	25	ОТЛ
12.	Разговор с начальником филиала	15.35	30	ПНТ
13.	Работа с клиентами	16.50	75	ОП
14.	Личный разговор по телефону	17.05	15	ПНД
15.	Работа с клиентами	17.50	55	ОП
16.	Выключение компьютера	18.00	5	ПЗР
17.	Уход с работы			
Примечание - Составлена автором				


Нами составлен фактический баланс рабочего времени менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» (рисунок 1).

Исходя из анализа полученных данных, необходимо сделать вывод, что 65 % (312 минут) сотрудник тратит трудовую деятельность, подготовительно-заключительные работы занимают 10 минут (2,1 %), потери рабочего времени по вине работника составили 85 минут (17,7 %) и потери по организационно-техническим причинам – 30 минут (6,3 %).

Сотрудник потерял такое количество своего рабочего времени, во-первых, в связи с опозданием на работу на 10 минут, потратил 15 минут на разговор с другим менеджером по личным темам, 45 минут у него занял перерыв на кофе с сотрудниками и 15 минут – личный разговор по телефону.

На основании фактического баланса определим показатели использования рабочего времени и возможный рост производительности труда за счет их устранения.

Рассчитаем коэффициент использования рабочего времени по следующей формуле:



■ ПЗР ■ ОП ■ ОТЛ ■ ПНД ■ ПНТ

Рисунок 1 - Фактический баланс рабочего времени менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный банк»

Примечание – составлен автором

$$K_{\text{исп}} = (T_{\text{пзр}} + T_{\text{оп}}) / T_{\text{наб}} = (10 + 312) / 480 = 0,670 \text{ \% или } 67,0 \text{ \%}$$

Проведем расчет коэффициента потерь рабочего времени (Кнтд), вызванных нарушением трудовой дисциплины, то есть по вине самого сотрудника по формуле:

$$K_{\text{пнд}} = T_{\text{пнд}} / T_{\text{наб}} = 85 / 480 = 0,177 \text{ или } 17,7 \text{ \%}$$

Рассчитаем коэффициент потерь рабочего времени по организационно-техническим причинам:

$$K_{\text{пнт}} = T_{\text{пнт}} / T_{\text{наб}} = 30 / 480 = 0,062 \text{ или } 6,2 \text{ \%}$$

Коэффициент потерь рабочего времени из-за расходования времени работником на личные надобности определяем по следующей формуле:

$$K_{\text{отл}} = T_{\text{отл}} / T_{\text{наб}} = 43 / 480 = 0,089 \text{ или } 8,9 \text{ \%}$$

Таким образом, в течение дня менеджером было потеряно 158 минут рабочего времени.

Рассчитаем коэффициент возможного повышения производительности труда при условии устранения прямых потерь рабочего времени (Пт) по формуле:

$$П_{\text{т}} = (T_{\text{пнд}} + T_{\text{отл}} + T_{\text{пнт}}) / T_{\text{оп}} = (30 + 43 + 85) / 312 = 0,506 \text{ или } 50,6 \text{ \%}$$

Итак, коэффициент возможного повышения производительности труда менеджера по работе с клиентами филиала АО «Народный Банк Казахстана» составляет 50,6 %, то есть в течение дня им было потеряно 158 минут рабочего времени, а это очень большой период времени, за который можно было сделать много полезного.

Нами произведен расчет коэффициента использования рабочего времени по следующей формуле:

$$K_{\text{исп}} = (T_{\text{пз}} + T_{\text{оп}} + T_{\text{обс}}) / T_{\text{наб}} = (15 + 383 + 10) / 510 = 0,8 \text{ или } 80 \text{ \%}$$

Далее рассчитываем коэффициент потерь рабочего времени (Кнтд), вызванных нарушением трудовой дисциплины по формуле:

$$K_{\text{пнд}} = T_{\text{пнд}} / T_{\text{наб}} = 60 / 510 = 0,117 \text{ или } 11,7 \text{ \%}$$

Рассчитаем коэффициент потерь рабочего времени по организационно-техническим причинам:

$$K_{\text{пнт}} = T_{\text{пнт}} / T_{\text{наб}} = 20 / 510 = 0,039 \text{ или } 0,39 \text{ \%}$$

Коэффициент потерь рабочего времени из-за расходования времени работником на личные надобности определяем по следующей формуле:

$$K_{\text{отл}} = T_{\text{отл}} / T_{\text{наб}} = 22 / 510 = 0,043 \text{ или } 0,43 \text{ \%}$$

Рассчитаем коэффициент возможного повышения производительности труда при условии устранения прямых потерь рабочего времени (Пт) по формуле:

$$П_{\text{т}} = (T_{\text{пнд}} + T_{\text{отл}} + T_{\text{пнт}}) / T_{\text{оп}} = (60 + 22 + 20) / 383 = 0,266 \text{ или } 26,6 \text{ \%}$$

Таким образом, коэффициент возможного повышения производительности труда кассира составляет 26,6 %, то есть в течение дня им было потеряно 102 минуты рабочего времени.

Обобщая вышеизложенное, видим, что коэффициент использования рабочего времени находится на среднем уровне. Самый низший показатель был отмечен у менеджера по работе с клиентами, им было потеряно 158 минут рабочего дня, что составляет 42,8 % от общего количества рабочего времени, кассиром было потрачено 102 минуты – 33,3 %. Руководством обговорено, что сотрудники филиала АО «Народный Банк Казахстана» могут потратить только 30 минут рабочего времени на личные надобности. На лицо нерациональное использование рабочего времени менеджерами, то есть они не планируют рабочий процесс, не рационально распределяют рабочий процесс, не используют делегирование, тратят много времени на личные разговоры и социальные сети, то есть нарушают трудовую дисциплину, хотя был отмечен рост производительности труда.

Для повышения производительности труда сотрудников филиала АО «Народный Банк Казахстана» предлагаются следующие мероприятия:

- внедрение новой системы мотивации;
- новой системы оплаты труда;
- совершенствование тайм-менеджмента при помощи внедрения программы автоматического мониторинга CrocoTime, которая позволяет руководителям отделов и непосредственно директору предприятия получить полную картину рабочего дня персонала, оптимизировать работу сотрудников и эффективно управлять предприятием, затрачивая минимальные усилия.

Основная проблема производительности труда заключается в ее повышении, стимулом которого может быть совершенствование форм системы оплаты труда, воспроизводство рабочей силы и решение социальных общественных проблем. Рост производительности труда способен создать условия увеличения заработной платы, и наоборот, рост заработной платы может стимулировать ее производительность. На отдельном предприятии повышение производительности труда можно осуществить при замене труда капиталом (техническое переоснащение производства, ввод новой техники и технологий), интенсификацией труда (использование административных мер, направленных на работу сотрудников), повышением организации труда (выявить и устранить факторы производственных потерь, определить рациональные пути роста эффективности).

Литература

1. Абрютина, М.С. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия / М.С. Абрютина, А.В. Грачев. – М.: Дело и сервис, 2009. – 284 с.
2. Адамов, В.Е. Экономика и статистика фирм / В.Е. Адамов, С.Д. Ильенкова. – М.: Финансы и статистика, 2008. – 240 с.
3. Адамчук, В.В. Экономика и социология труда / В.В. Адамчук, О.В. Ромашов. – М.: Финансы, 2008. – 294 с.
4. Алексеева, А.И. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: учебное пособие / А.И. Алексеева, Ю.В. Васильев, А.В. Малеева. – М.: Финансы и статистика, 2006. – 672 с.
5. Андропова, В.Н. Учет и анализ финансовых активов / В.Н. Андропова, Е.А. Мизиковский. – М.: Финансы и статистика, 2005. – 252 с.
6. Баканов, М.И. Теория анализа хозяйственной деятельности / М.И. Баканов. – М.: Финансы и статистика, 2006. – 341 с.
7. Баканов, М.М. Теория экономического анализа / М.М. Баканов. – М.: Финансы и статистика, 2005. – 237 с.

8. Богдановская, Л.А. Анализ хозяйственной деятельности в промышленности / Л.А. Богдановская, Г.Г. Виноградов. – М.: Экономист, 2007. – 294 с.
9. Бондарь, И.К. Производительность труда: вопросы теории и практики / И.К. Бондарь. – М.: Наука, 2003. – 152 с.
10. Браун, С.Дж. Количественные методы анализа предприятия: пер. с англ. / С.Дж. Браун. – М.: ИНФРА-М, 2005. – 295 с.
11. Волкова, О.Н. Экономика предприятия / О.Н. Волкова, В.К. Складченко. – М.: Экономист, 2005. – 197 с.
12. Гаврилов, Р.В. Производительность труда: показатели планирования и методы измерения / Р.В. Гаврилов. – М.: Экономика, 2003. – 219 с.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК
ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТУРИЗМА И СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

THE CURRENT STATE OF TOURISM AND SOCIAL WORK IN
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND PROSPECTS

*А.М.Акмуратова, «Туризм» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Марам А.Т., магистр
ҚазЭҚХСУ, Нұр-сұлтан қ.*

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ
НАРЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Жалпы, қазіргі таңда, емдік-шипажай орындар елімізде туризмнің маңызды саласының біріне айналуда. Себебі, жыл өткен сайын экономика дамып, технология жаңа деңгейге көтерілген уақытта, адамның жұмыс жасауы, тіпті, өмір сүруінің өзі бәсекеге айнала бастады. Осындай уақытта адамның жұмсаған физикалық, психикалық күштерін қалпына келтіруде шипажай орындардың алатын орны зор. Қазіргі таңда, елімізде осы саланы дамытуға көптеген бағдарламалар жасалынууда. Әр өңірде емдік-сауықтыру орындары бар десек болады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңі қызмет көрсету саласының, оның ішінде, туризм мен шипажайлық-курорттық нарықтың экстенсивті дамуымен де сипатталады. Қазіргі жағдайда еліміздің шипажайлық-курорттық қызмет көрсету нарығын басқару мәселелеріне назар аударылуда. Шипажайлық-курорттық кешеннің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін асыра бағалау қиын. Өйткені оның жай-күйіне тікелей және жанама түрде елдің адами әлеуетінің саласы, оның экономикаға, мәдениетке, қоғамдағы ұдайы өндіріс процесіне әсер ету дәрежесіне байланысты.

Қазіргі таңда, елімізде шипажай-курорттық орындардың саны, сонымен қоса, қызмет көрсету саласы да дамып келеді. Саланы дамыту мақсатында жоспарлар құрылуда.

Жалпы, еліміздегі сауықтыру орындарының қызмет нарығын дамыту жолдарына бірнеше стратегиялық тәсілдерді келтірсек болады.

1. *Кардиналды өзгеру стратегиясы* – курортқа ауырлықтың төмендеу жағдайында қолданылады. Бұл уақытта курорттың дамуына жалпы қоғамдық, сонымен қатар, жеке инвестициялар тарту мақсатында жүктемелікті көтеру мақсатын көздейді.

2. *Өсуді сақтау стратегиясы* – жаңа қызметтерді еңгізу есебінен қолайсыз сыртқы жағдай барысында өсудің төменгі деңгейін қолдауға бағытталған.

3. *Қол жеткізілген өсу стратегиясы* – егер де, курорт жаңа өнімнің шектелген жинағын иелене отырып, жаңа нарықта жұмыс істеу мүмкіншілігі болмаған кезде қол жеткізілген деңгейде болу үшін қолданылады.

4. *Таңдаушылық өсу стратегиясы* – нарықтың нақты сегментіне бейімделген курортпен танылады.[1]

Осындай стратегиялық бағыттарды қолдана отырып, елімізде шипажай-курорттық орындардың қызмет нарығын дамыта аламыз. Сонымен қатар, Қазақстандағы емдік-сауықтыру

туризмін дамыту мақсатында әртүрлі форумдар, конференциялар өткізіледі. Соның аясында көптеген жобалар құрастырылып, елдің шипажай орындарын дамытуға септігін тигізіп жатыр. Толығырақ тоқталсақ...

Үш жыл ішінде Президент Іс Басқармасы Медициналық орталығының дәрігерлері санаториялық-курорттық және қалпына келтіру емінен өткен пациенттерге зерттеу жүргізді. Нәтиже өзі үшін-оңалтудан кейін дәрігерлерге жүгінулер саны жылына 20% - ға дейін төмендеді.

Бұл зерттеулер мен Kazakhnomad resorts жаңа жобасы Бурабайдағы дәстүрлі "Шипажай" форумында таныстырылды.

Шипажайларда қазақ дәстүрлі медицинасын дамытады. Қазақстанға шетелдіктерді тарту үшін, санаторийлер мен шипажайларда халықтық, дәстүрлі көріпкел-емшілер қызмет көрсететін болады. Бұл туралы жетекші сауда серіктесі Алексей Цой (бұрынғы денсаулық сақтау вице-министрі) айтқан болатын. Қазақстанда емдік туризмді дамыту үшін Kazakhnomad resorts жобасы іске қосылды. Бұл форумда елімізде шипажай-курорттық орындарды дамытудың көптеген жолдары қарастырылды. Мысалы, Алексей Цойдың айтуынша, "Бізде дәстүрлі қазақ медицинасы бар – шөптермен, тағамдық қоспалармен, шұбатпен, қымызмен емдеу. Есіңізде болсын, бақсы бізде ауруханадан бұрын болған жоқ, бірақ біздің көшпенді ата-бабаларымыз денсаулықтарын түзеді. Бұл ежелгі әдістер сақталған және біз оларды әлемге көрсеткіміз келеді. Ежелгі қазақ емдеу дәстүрі біздің Шығушыларымыз сақталып, Қытайға көшіп кетті. Осы ата-бабаларымыздан жеткен емдік-сауықтыру жолдарын дамытып, әлемдік брендке айналдыруымыз керек." - деген болатын.

Тағы да, бұл форумда Президент Басқармасының Медициналық Орталығы Венгрия Елшілігімен және Kazakh Tourism ұлттық компаниясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Құжаттың мәні - Венгрияның термалдық көздерінде қазақстандықтарды оңалту. "Біз мұнайды іздедік, ұңғыманы бұрғыладық, ал ыстық су көздерін, емдік суды таптық. Олар әртүрлі ауруларды емдеу үшін ұсынылады. Біз қазақстандық науқастардың Венгр емдік көздерінде емделуіне мүдделіміз. Бізде тікелей әуе қатынасы бар. Бұл бағыттарды бірлесіп дамыту қажет", – Венгрия елшісі Андраш Барани осылай айтқан болатын. Қазақстан да, Венгрия сияқты, ел ішінде емнің осы түрін дамытуға үлкен мүмкіндік бар. Ең бастысы - инфрақұрылымды дамыту: жақсы жолдар, қонақ үйлер, сервис. Курорт - бұл суға бару ғана емес, адамдар төлейтін қосымша процедуралар: балшықпен емдеу, массаж болып табылады. Сол себепті, бұл жобаны жан-жақты саралап, талдап, елімізге пайда әкелетіндей істер атқаруымыз керек.

Қазақстандық шипажайлардың бірі Spammed&Wellness-тен сапа белгісін ала алады. Бұл халықаралық компания сақтандыру компанияларының қолдауымен әлемдік сараптау комиссиясы әзірлеген EuropeSpa өлшемдері бойынша халықаралық аккредиттеуді жүргізеді. EuropeSpa-бұл бүкіл әлемге сенетін сапа, қауіпсіздік және сервис стандарттары. Аккредиттеу қызмет құнына әсер етпейді, бірақ клиенттердің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Алайда Spa&Wellness сертификаттарының құрамына "Оқжетпес" (Бурабай), "Алматы" (Алматы), "Қазақстан" (Ессентуки) сияқты емдік-сауықтыру орындары болуы мүмкін. Бұл дегеніміз, жалпы, еліміздің емдік-сауықтыру туризмінің деңгейі бір саты алға жылжиды.

Сонымен қатар, бұл саланы дамытуда тағы да біраз істер жоспарлануда. Соның біріне тоқталсақ.

Бурабайда бұғыларды өсірумен айналысатын марал шаруашылығы бар. Олардың панты, яғни, мүйіздері пациенттерді оңалту үшін қолданылады. Дақты бұғы-жабайы жануар болып келеді. Олар адамдарға жақындамайды. Оларды жалпы ауданы 600 га болатын алты үлкен Бақтарда ұстайды. Бұндай ем еліміздің Шығыс өңірінде қолданысқа ие.

Дәстүрлі емнің бұл түрін Бурабайда да дамыту жоспарлануда. Сондай-ақ, сауықтыру орындарының иелері Щучье-Бурабай курорттық аймағының шипажай-курорттық ұйымдарының консорциумына бірігуді жоспарлап отыр. Бұл емдік-сауықтыру туризмді дамыту үшін күш біріктіруге көмектеседі.

Осындай жасалынып жатқан игі істер қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмін, шипажай-курорттық орындардың дамуына септігін тигізеді.

Сондай-ақ, кадр мәселесін шешу үшін де бірқатар шаралар қолданылып жатыр. Мысалы, осы сала мамандарының білімі мен практикалық тәжірибесін арттыру мақсатында шетелдік форумдарға жіберіп жатыр. Мысалы, 2019 жылдың соңында еліміздің сала маманы Түркияға барып қайтқан болатын. Онда дәстүрлі түрде өтетін 4-ші халықаралық сауықтыру саммитінде әлемнің әр шетінен жиналған білікті мамандар бас қосқан болатын. Сол жерде емдік-сауықтыру туризмінің маңызы айтылып, тәжірибе алмасқан болатын. Осындай тәжірибе алмасулар да елімізде кадрлардың жұмыс сапасын, сонымен қатар, шипажай-курорттық орындардың қызмет көрсету сапасын жақсартады.[2]

Қазіргі уақытта елімізде көптеген емдік-сауықтыру орындары жұмыс атқарып жатыр. Мысалы, Сарыағаш, Қапал-Арасан, Алма-Арасан, Мойылды, Түркісб, Щучинск, Жаңақорған және тағы да басқа емдік-сауықтыру орындары кездеседі. Барлығының мақсаты бір. Адамның денсаулығын қалыпқа келтіру. Бірақ та, шипажайлар бір-бірінен келген адамдарға көрсетілетін қызмет түрлері арқылы ерекшеленеді. Мысалы, Түркісб курортының негізгі емі – жеңіл теріс зарядты аэроионды иондағы тау ауасы болса, Мойылды шипажай аймағының негізгі емдік құралы – емдік лайлы және ащы тұзды хлоридті-сульфатты-натрийлі Мойылды көлі болып табылады. Осы мақсатта демалушыларға өз қызметін ұсынып келе жатқан Павлодар облысында орналасқан, Мойылды емдік-сауықтыру орталығына толығырақ тоқталсақ.

Әкімшілік жағынан "Мойылды" шипажайы Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Мойылды ауылында, Павлодар қаласының облыс орталығынан 9 км қашықтықта орналасқан. Облыстағы бірден – бір емдік – сауықтыру орталығы болып табылады.

Шипажайдың тарихы өңірдегі өндіріс, заводтардың ашылуымен тікелей байланысты. 1912 жылы Екібастұз көмірінің ашылуы арқасында, аймаққа шетелдік іскер адамдар көп келе бастаған. Осы сәтті ұтымды пайдалана білген облыс басшылығы, Мойылды көлінің жағасында ақылы балшықпен емдеу үйін ұйымдастырған болатын. Шипажайдың тарихы 1922 жылы атқару комитетінің шешімі қабылданып, кеңес өкіметі курортты Павлодарлық "Горздравтың" қарамағына берген кезде толыққанды сауықтыру орны ретінде басталады. Осылайша, Мойылды шипажайының тарихы басталды. Сол уақыттан бастап, қазіргі сәтке дейін келген демалушыларға қызметін ұсынып жатыр.

Қазіргі таңда, Мойылды шипажай аймағында 5 корпустан тұратын демалыс үйлері бір уақытта 610 адам қабылдай алады.

Туристер сатып алған белгілі сомаға кіретін қызмет түрлері:

- *Орналасыру.* Стандарт, жартылай люкс, люкс және апартаменттер.
- *Тамақтану.* (бөлмелердің белгілі бір санаттарына арналған залдың 3 санаты жұмыс істейді), кешкі айран, диеталық тамақтану, санаторийдегі ұңғымадан минералды су (дәрігердің тағайындауынсыз қабылдау));
- *Емдеу, оңалту жұмыстары.* (тірек-қимыл аппаратының алдын алу және емдеу бойынша қызметтер кешені, перифериялық нерв жүйесінің аурулары, әйелдер жыныс саласының аурулары, уроандроологиялық аурулар).

Жалпы, Мойылды шипажай аймағына келген демалушылардың негізгі мақсаты – жұмсаған физикалық, психикалық, рухани күштерін қалпына келтіру болып табылады. Сол себепті, шипажайдағы емдеу, оңалту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Туристердің көпшілігі рапалық ваннада ем қабылдау үшін келеді. Бұл дегеніміз, Мойылды көлінің тұзды суымен емделу болып табылады. Сонымен қатар, көлдің жағасындағы гальван балшықтары да демалушыларды қызықтыра білген.

Мойылды көлінде бағалы Илды қалыптастыруға қатысатын *Artemia salina* шаяндары мекендейді. Көл рап қабатымен жабылған (бай ерітіндіні білдіретін су). Рапа-көлдің екінші маңызды емдік компоненті. Раптың минералдануы-250 г / л дейін. Осындай табиғи түрде жүретін қызмет түрлерімен Мойылды шипажай аймағын ерекше деп айтуға болады. Мысалы, шипажайға ем қабылдауға 2016 жылы – 6171 адам, 2017 жылы – 6486 адам, 2018

жылы – 6314 адам келген. Осыдан, қалыпты жағдайдағы сұраныстың бар екенін көре аламыз. Яғни, Мойылды шипажай аймағы бәсекеге қабілетті десек болады.

Стандартты емдеуден басқа шипажай емдік массаж, гидроколонотерапия су процедуралары: суасты душ-массаж, "Шарко" душы, циркулярлық душ, көтерілетін душ, пантты және селен ванналары, "Акваатракцион" - пациентті көтеру механизмі бар су асты сору және омыртқаның гидромассажаына арналған автоматтандырылған кешен.; лазеротерапия, самырсын бөшкесі, галокамера, дэнас терапия және урологиялық және гинекологиялық ауруларды кешенді емдеу.

Павлодар облысы - Қазақстанның ірі индустриялық орталығы, электр энергиясын, мұнай өңдеу өнімдерін, машина жасау және металлургия өнеркәсібін өндіруге бағытталған көп салалы өнеркәсіптік кешен болып табылады. Осыған байланысты өңірде шипажайлық-курорттық емделуге сұраныс бар. Қазіргі уақытта облыста бәсекелестер жоқ. Шипажай өз қызметкерлеріне сауықтыру және денсаулығын қалпына келтіру үшін шипажайлық-курорттық емделу қажет зауыттарға, фабрикаларға жолдама береді. Өткізу нарығын талдау кезінде жолдамалардың таралу маусымдылығы, сатып алушылардың санаториялық-курорттық жолдамаларға қажеттілігі, бәсекелестер мен өткізу нарықтарының географиялық шекаралары ескерілді. Қазіргі уақытта демалушылардың негізгі бөлігін географиялық жақын облыстар құрайды, олар: ШҚО, Ақмола облысы, Қарағанды облысы, СҚО, Алматы облысы.[3]

Бәсекелестерді талдай отырып, Қазақстан бойынша 60-тан астам шипажай жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы нөмірлердің сапасына, сервис деңгейіне және ілеспе қызметтер жиынтығына байланысты өзінің баға саясатын қолданады. Олардың ішінде тікелей бәсекелесті атап өту қажет, олар Жаңақорған шипажайы.

Жаңақорған шипажайы Қызылорда облысындағы Теріскен балшықты көлінің жағалауында орналасқан. Мойылды шипажайымен көптеген ұқсастықтары бар. Сол себепті, тікелей бәсекелестік қатынаста десек болады.

Екі шипажай да емдік балшық арқылы емдейді. Көрсеткіштері – тыныс алу органдары, жүйке және гинекологиялық аурулар. Бірақ, ауқымдығы мен қызмет түрлерінің санына байланысты Мойылды шипажай аймағы басымдырақ. Себебі, Жаңақорған шипажайы бір уақытта 505 адам, ал, Мойылды емдік-сауықтыру орны 610 адам қабылдай алады. Бірақ та, жолдаманың құны жағынан Жаңақорған демалушыларға тиімдірек болып тұр. Бұл жағдайды екі жақтан қараған дұрыс. Бағаның аздығы бір уақытта көңілге жақса, екінші жағынан қызмет сапасының деңгейіне күмән келтіреді.

Қорытындылай келе, жыл өткен сайын, технология дамып, адамдардың білімі, тіпті, өмір сүрудің өзі бәсекеге айнала бастады. Осындай кезеңде, адамдардың жұмсаған күштерін қалпына келтіруде Мойылды шипажай аймағы да өз үлесін қосатынына сенімім мол. Павлодар облысына келген турист, Баянауыл рекреациялық аймағына келіп демалып, Мойылды шипажайында ем алып, өзінің жыл бойы жұмсаған физикалық, психикалық және рухани күшін толықтай қалпына келтіретініне сенімдімін. Алдағы уақытта шипажай аумағында тағы да қонақ үйлері ашылып, қызмет сапасы дамыса, демалушылар саны көбейетіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбеков Ә. Туристтік кешендерде қызмет көрсету 2013ж.
2. Ветитнев А.М. О соотношении понятий “лечебный туризм” и “курортное дело”.//Санаторно-курортные организации: менеджмент, маркетинг, экономика, финансы – 2011 ж. 9- бет
3. <https://informburo.kz/stati/na-kurortah-i-v-sanatoriyah-rk-poyavyatsya-narodnye-celiteli-o-chyom-proekt-kazakh-nomad-resorts.html>



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның ішкі туризмнің қазіргі жағдайын қарастырамыз. Қазақстанның рекреация мен туризмді дамытуға және соның негізінде заманауи жоғары тиімді туризм индустриясын құруға үлкен әлеуеті бар.

Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет ескерткіштердің тартымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Қазақстанда біздің көркем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне тән гаухарлығын табуға болады. Сол себепті де Қазақстанда қазіргі таңда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі – туризмнің қазіргі жағдайы.

Ішкі туризм – Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағындағы тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхат [1].

Туризм индустриясын үлкен көлемді бизнес негізінде дамытуды қалыптастыру және рекреациялық потенциалды, рационалды пайдалану Қазақстан 2030 стратегиясын, Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы, Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы заңын және басқада нормативтік – құқықтық актілерін жүзеге асру мақсатында бағытталған [2-3].

Туризм – әлемдегі экономикалық кірісі ең жоғары саласының бірі. Оның елдің экономикалық қуатын күшейтіп, халықтың тұрмысын жақсартудағы, жұмыссыздықты азайтып, кәсіптену орайын арттырудағы өнімі өзгеше. Туристік сала ең бірінші болып короновирустық пандемияға ұшыраған болатын. Қытай мен оның көршілерінен басқа әлемнің көптеген елдерінің үкіметтері қаңтар-ақпан айларында төтенше жағдай және карантин режимін енгізу туралы шешім қабылдаған кезде, адамдар жоспарланған туристік сапарлардан жаппай бас тарта бастаған. Наурызда-ақ шекаралар барлық жерде жабыла бастады. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметі бойынша, короновирустың салдарынан бүкіл әлемдік туристік шығын 1,2 трлн құраған болатын.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, ішкі туризм саласы үлкен шығынға ұшыраған болатын. Осы жылдың басында, Kazakh Tourism-дің мәліметтері бойынша, 3400 туристік агенттіктер, кем дегенде 3600 қонақ үй ішкі туризмде жұмыс істеді, ондаған мың адам тікелей қатысты, демек, мыңдаған адамдар жұмыссыз қалды – уақытша немесе біржола.

Короновирустық пандемия Алматыдағы туризмді 40% төмендетті. Алматы туризм басқармасы басшысының орынбасары Марат Айнабеков онлайн-брифинг барысында айтқандай, ішкі және келу туризм бойынша бұл 40% кесесідей көрінеді: сыртқы туризм 63,5%-ға және ішкі туризм 27%-ға төмендетті.

Кейбір мәліметтер бойынша, биыл ішкі туристік ағын өткен жылмен салыстырғанда 70-80%-ға азайды. Туристік индустрия 2020 жылы 150-ден 240 млрд теңгеге дейін қаржыдан айырылған болатын. Алайда, Алакөл, Каспий, Балқаш, Алматы тау кластері мен Баянауыл курорттық аймақтарына қызығушылық артқан болатын. Түркістан мен Таразға мәдени-тарихи саяхат жасағысы келетіндер саны өскен еді.

Пандемия кезінде Үкімет жеке инвестормен бірлескен құрылысты аяқтап, 2020 жылғы шілде айының басында Каспий теңізінің жағалауында 500 нөмірлі және сыйымдылығы 1800-2000 адамға дейінгі Орталық Азиядағы ең ірі 5 жұлдызды «Rixos» курорттық үлгідегі қонақ үй іске қосылды.

Тек 2020 жылдың тамыз айында қонақ үйде шамамен 20 мың адам демалды, ал жылдың соңында бұл көрсеткіш 75 мыңнан астам адамға жетті.

Министрдің айтуынша туристік қоғам, жергілікті атқарушы органдар үшін өңірлердің географиялық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа ұлттық туристік өнімдерді әзірлеу маңызды міндеттердің біріне айналуы тиіс. Бұл туристік өнімдер ішкі туризм ғана емес, шетелдік туристердің қызығушылығын арттыруға бағытталуы керек.

Ішкі туризмді жедел қалпына келтіру және оның ұзақ мерзімді инвестициялық әлеуетін арттыру мақсатында заң жобасы шеңберінде саланы дамытуды ынталандырудың мынадай қосымша шаралары әзірленді:

- ✚ Туристік объектілер мен жол бойындағы серфис объектілерін салу кезінде жеке бизнестің шығындарын өтеу – инвестициялар сомасынан 10%-ға дейін;
- ✚ Тау шаңғысы жабдықтары мен туристік кластағы көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың 25%-ын өтеу;
- ✚ Әрбір шетелдік турист үшін туроператорлардың шығындарын 15 000 теңге мөлшерінде субсидиялау;
- ✚ Ішкі әуе маршрут бойынша балалар үшін тасымалдау ақысының 100% өтеу;
- ✚ Санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға 83 300 теңгеге көлемінде шығындарды субсидиялау. [5]

Осы іс-шараларды іске асыру есебінен экономикаға 180 млрд теңге қосымша бюджет кірістерін тарту, 170 мыңнан астам жұмыс орнын құру және кемінде 1000 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.
2. Ермавлетов С.Р География туризма Казахстана – Алматы: Галым, 1992 жылы.
3. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006ж., N 47, 499-құжат; «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 1 қаңтар N 1.
4. Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы заңы – Алматы. 2001ж.
5. Lenta.inform.kz.

*А.Т. Жаңабергенова, «Туризм» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Ағезова З.Т., з.ғ.к., доцент
ҚазЭҚХСУ, Нұр-Сұлтан қ.*

АҚМОЛА Өңірінің Географиялық Атаулар Жүйесінің Топонимикалық Белсенділігі

Аңдатпа. Мақалада Ақмола өңірінің географиялық атаулар жүйесін талдау, оның топонимикалық белсенділігі жан-жақты қарастырылған. Ақмола өңірінің географиялық аудандарының мағыналық жүктемесі мал шаруашылығына қажетті білімді шоғырландыруы және өңірдің жалпы мәселелері мен даму жағдайы көрсетілген.

Атамекен-өте кең ұғым. Халқымыздың ата заманнан мекендеп, суын ішіп, көлін кешіп, төрт түлік малын дархан даламызға бағып, өсіп-өніп, кіндік қаны тамған жер.

Сонымен бірге сол жерді мекендеген, тылсым табиғаттың иелері еліміздің іргелі азаматтарының аттары мен ру аттары атамекен атауларына ие болды.

Мұның бәрі-халық тарихы, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа табыс етілетін мәдени мұра. Әрбір тарихи атаудан халқымыздың бастан кешірген тауқыметі мен

тарихтың сыр-сипатын тануға болады. Осы атауларды зерттеп қарасақ данышпандық зердесін танимыз.Әрбір атаудың өзіндік тарихы, дүниеге келу сыры бар.

Қарастырылып отырған, Ақмола өңірінің жаратылысы, көнелігі, тарихи қалыптасуы жөнінде бір-бірінен өзгеше болып келетін орографиялық бірліктерді қазба байлықтар атаулары мен жер бедеріне байланысты топонимдер өлкедегі жердің табиғи бітімінің алуан түрлілігі туралы деректер мен мағлұматтар беріп қоймайды, сонымен бірге жаратылысын,көнелігін және қалыптасуын білдіреді. [1,2].

Жер-суға ат қою, ең алдымен ұланғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген қазақ халқының және оны құраған ру, тайпалардың үлесіне тигені анық. Мал бағып, оның жаз жайлау, қыс қыстау қамын ойлаған көшпенділер жергілікті жердің табиғат ерекшеліктерін дөп басып анықтап отырған. Жер-су аттары белгілі бір аймақтың жер бедері,ауа райының ерекшеліктері,бұрын соңды мекендеген жануарлары,бұрын өскен несесе қазір де бар өсімдіктері,өзен-көлдерінің сипаты, табиғат байлықтары,қоныстанған халықтар, ру-тайпалар туралы мағлұмат береді. Қазақстандағы кең таралған ландшафт болғанымен, дала топонимиясы әлі толық зерттелмеген. Дала топонимиясы қайталанбас айшыққа ие,өйткені,қазақ халқының ғасырлар бойы қатал табиғат жағдайына бейімделуінің, шетсіз-шексіз құрғақ аймақтарда шаруашылық мақсатта игерудің нәтижесі болып табылады. Шындығында кең байтақ жеріміздің миллиондаған жер-су аттарында халық тарихының ізі, халқымыздың дүниеге көзқарасы,тіршілігі,тұрмыс-болмысы,кәсібі,салт-санасы,әдет-ғұрпы айқын бейнеленген. Халқымыздың зерттеушісі, атақты ғалымы, абзал ұлы Ш.Уәлиханов «Көне түркі салт-сана,әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су аттарын,адам аттарын және т.б. есте сақтап, атадан-балаға жалғасып жатады», -деген ойы есімізге түседі.

Қазақ халқының географиялық терминологиясы аса бай болуымен ерекшеленуде. Бұл жүйенің қалыптасу тарихы халықтың тарихымен,мал шаруашылығын ұйымдастыру сипатымен,табиғат жағдайларымен,қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты болғандықтан,оны жеке дара құбылыс ретінде қарастыру мүмкін емес.

Халықтық өлкелік терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын белгілі ғалым,топонимист Э.М.Мурзаев былайша түйіндейді: «Терминдер-топонимиканың негізі,олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады.,кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі,сол сияқты міндетті түрде ескерілуі қажет. Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып қазақтың жер-су аттарын зерттеу,олардың мағыналық жүктемесін ажырату ісін халықтың және жергілікті географиялық терминологияның кейбір ерекшеліктерін талдауға болады.

Халық қазынасының бай қорына осы күнге дейін зерттеушілер назарын аударып,халқымыздың ғылыми тілінің жасалуына негіз болуының өзін тарихи феномені деуге болады.

Географиялық ортадағы табиғат жағдайларын нақты бейнелеуге топонимдер құрамында болатын халықтық және жергілікті географиялық терминдер себепші болады. Топонимика ғылымында *индикатор-терминер* деп аталатын мұндай сөздер тобы физикалық географияның нысандарының типін, ландшафтық белдемдік ерекшеліктерін,морфологиялық сипатын,шығу тегін(генезис) сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда,табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафтық келбеті бейнеленіп,халықтың географиялық білімі жинақталған.

Географиялық атаулар құрамындағы халықтық терминдер мен оларға жалғанған әртүрлі есімдік,егістік тұлғаларда сырт көзге байқалмайтын заңдылықтар бар,бұларды ескеріп үлкен мән бермеген жағдайда қазақ тілін төл тілім деп есептейтін адамның өзі топонимнің нақты мағынасын аша алмауы мүмкін.


Ақмола өңірінің географиялық аудандарының мағыналық жүктемесі мал шаруашылығына қажетті білімді шоғырландырумен ерекшеленеді. Басқа өңірлердің топонимикалық жүйесінде сирек кездесетін құбылыс ретінде қазақ гидронимиясында

фотонимдердің, жер аттарында гидронимдік терминдердің жиі кездесуін айтуға болады. [3,4].

Географиялық нысандарға ат қою үшін халық ерекшелеп алған белгілері бұл нысанды басқаларынан айқын ажырататындай болуы шарт, яғни топонимдердің өзі осы айырмашылықты ажырату үшін қойылады.

Ақмола облысы Сарыарқаның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Жерінің басым бөлігі-абсолюттік биіктігі 300-400 метрден аспайтын аласа белесті, ұсақ төбелі жазық. Солтүстігінде Көкшетау қыратының сілемдері-Сандықтау, Домбыралы т.б. аласа таулар орналасқан. Өңірдің шығыс, батыс, орталық бөліктерін Есіл, Атбасар, Сілеті жазықтықтары алып жатыр, оңтүстік-батысында Теңіз-Қорғалжын ойысы, батыс жағында Есіл өзеніне дейін Торғай үстіртінің шығыс шеті еніп жатыр. Есіл өзенінің оң жағалауы Атбасар, сол жағалауы Теңіз жазықтарымен шектеседі. Өңірдің оңтүстік-шығысында орманды, көркем Ереметау аймағы орналасқан. Оны негізгі бөлігі жартасты қырлар (100-500 м) тізбегінен тұрады. Территорияның көп бөлігі қоңыржай белдеудің далалық ландшафт зонасына кіреді. Дала зонасының табиғи жағдайлар кешені рельефтің көптеген мезо және микрофлораларымен ерекшеленеді.

Ақмола өңірі жер бедерінің формаларының әркелкілігімен сипатталады. Жер бедерінің типтері мен пішіндерінің әркелкілігі орографиялық терминдердің де мейлінше бай болуына алғышарт жасады. Облыс территориясының табиғи жағдайлары көшпелі мал шаруашылығына қолайлы болған. Оны ұйымдастырудың өзі жер бедерін жақсы ажыратып, бір орыннан екінші орынға көшу барысында ерекше рельеф пішіндерін бағдарлаушы нүктелер ретінде таңдап алуға негіз болды. (сурет №1) Осы аталған факторлар жерінен Ақмола өңірінің *оронимиясы* күшті жіктелген, метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты деуге болады. [4,5].



Сурет 1. Ақмола өңіріндегі жер бедері қатысатын топонимдердің таралуы

Географиялық нысандарға ат қою үшін халық ерекшелеп алған белгілері бұл нысанды басқаларынан айқын ажырататындай болуы шарт, яғни топонимдердің өзі осы айырмашылықты ажырату үшін қойылады.

Процедура, в отличие от функции, не может иметь возвращаемое значение. Она просто вызывается и выполняет какие-то действия. Если функция не будет иметь ключевого слова Возврат, то она вернет несуществующее значение, т.е. значение типа данных «Не определено». Вместе с тем, ключевое слово Возврат можно использовать и в процедуре, но в этом случае возвращаемое значение не указывается, а само ключевое слово будет означать: прекратить выполнение процедуры. Процедура или функция начинается описываться со слова Процедура (Функция). Далее следует Имя процедуры (функции). После имени обязательно указываются круглые скобки. Внутри скобок могут находиться описываемые параметры. Данные параметры нужно будет передавать при вызове (при обращении к процедуре). После круглых скобок может стоять слово Экспорт (экспортная функция). Потом следует тело процедуры (функции), т.е. последовательность из любого количества операторов. В теле могут находиться вызовы других процедур и функций данного модуля или других модулей, которые доступны из текущего программного модуля. Обязательным является наличие заключительного слова Конец Процедуры (Конец Функции). После описания процедуры или функции точку с запятой ставить не нужно. При этом Платформа не считает ошибкой, если точка с запятой стоит после последней процедуры (функции) в модуле.

Однако со временем эта процедура (функция) в результате действий программиста может стать не последней, и тогда будет выдаваться сообщение об ошибке. Примерный вид процедуры и функции представлен на рисунке.




Рисунок 1. Окно с процедурой и функцией

Параметры, переданные в процедуру (функцию) при ее вызове, могут быть использованы при формировании возвращаемого результата функцией или при выборе используемого алгоритма в процедуре. При описании процедуры или функции мы можем указать, что для какого-либо параметра по умолчанию должно использоваться некоторое значение. Для этого справа от параметра через знак равенства указывается требуемое значение. В том случае, если при вызове процедуры (функции) значение параметра будет не задано, то оно примет значение, используемое по умолчанию. Таким образом, параметры, для которых указано значение по умолчанию, являются необязательными для указания при вызове. В описании процедуры(функции) вначале следуют обязательные параметры, а потом необязательные. Кроме этого, существует передача параметров по ссылке и по значению. Внутри процедуры (функции) параметр может анализироваться, а также может изменяться. Все данные хранятся в оперативной памяти компьютера. При передаче по ссылке система сообщает, что нужно обратиться к переменной, которая хранится в данной области памяти. В том случае, если значение параметра изменяется, оно меняется именно в указанной области памяти. Т.е. при вызове процедуры (функции) мы передавали параметр с одним значением, а после отработки вызываемой процедуры (функции) значение параметра изменилось. В случае передачи по значению указывается, что параметр нужно передавать по значению. В этом случае вызывается новая область памяти, отличная от предыдущей, и меняется именно она. Исходное значение параметра не меняется. По умолчанию все параметры передаются по ссылке. Чтобы передать параметр по значению, в описании процедуры перед параметром нужно поставить ключевое слово **Знач**. Следует сказать, что в некоторые процедуры-обработчики передается такой параметр, как **Отказ**. Значение данного параметра по умолчанию – **Ложь**. Если в теле процедуры-обработчика установить данному параметру значение **Истина**, то процедура не отработает.

Порядок следования процедур и функций в модуле 1С: Предприятие 8 значения не имеет. Из любой процедуры (функции) модуля можно вызывать любую другую процедуру или функцию данного модуля. Чтобы обратиться к списку процедур текущего модуля в панели конфигуратора можно нажать на кнопку в виде лупы с надписью «PROC» или использовать горячие клавиши (Ctrl+Alt+P). Откроется диалоговое окно, в котором описаны функции F(x) и процедуры P(). К ним возможно обращаться. Список может быть отсортирован в алфавитном порядке (для этого устанавливается галочка «Сортировка»). При снятой галочке процедуры и функции в списке размещены в соответствии с их следованием в модуле.




Рисунок 2. Окно обработки заполнения

Кроме процедур и функций в списке для разных модулей будут доступны разные стандартные обработчики. При выборе обработчика двойным кликом мыши в модуле создается шаблон соответствующей процедуры (обработчика события). Если в диалоговом окне «Процедуры и функции» выбрать процедуру и нажать на кнопку перейти, то мы окажемся в начале выбранной процедуры (функции). Справа от кнопки с надписью «PROC» располагается поле. В этом поле указано имя текущей процедуры (функции).

В заключении хочется отметить, что платформа содержит множество стандартных процедур и функций, логику которых вам не нужно писать самостоятельно. Достаточно только в случае необходимости вызвать их в нужном месте вашего программного кода.

Литература

1. Радченко, М.Г. 1С: Предприятие 8.2. Практическое руководство разработчика. Примеры и типовые приемы / М.Г. Радченко, Е.Ю. Хрусталева. – М.: ООО «1С-Паблишинг», 2009. – 874 с.
2. Хрусталева Е.Ю. 1С: Предприятие 8.1 Конфигурирование и администрирование, 3-е изд., перераб. и доп. СПб.: ООО «1С-Паблишинг», 2010. – 485 с.



ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨПТІЛДІЛІКТІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В СИСТЕМЕ
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

THEORETICAL FOUNDATIONS OF MULTILINGUALISM IN THE SYSTEM OF
SOCIAL AND HUMANITARIAN EDUCATION

*А.М. Мирахмедов, «АТЖДҚ» мамандығының I курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тлегенова К.А., п.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ, Нұр-Сұлтан қ.*

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ АНА ТІЛІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада ана тілінің шет тілін зерттеуге әсері, салыстырылатын тілдердің ерекшелігі қарастырылып, осы тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген.

Тақырыптың өзектілігі ана тілі мен шет тілінің арасындағы байланысты зерттей отырып ұқсастықтар мен ерекшеліктерін табу.

Жұмыстың мақсаты шет тілін үйренудің спецификасын ана тілі мен шет тілін салыстыра отырып талдау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеудің теориялық әдісі мен статистикалық зерттеу әдісі қолданылды.

Біздің уақытымызда күн барған сайын күшейіп, тізгінсіз болады, әлемнің даму жылдамдығы керемет. Барлығы бір-бірімен тоқылған әлемнің бұл күрделі механизмін сипаттау қиынға соғады, мұны біз бәріміз әлем деп атаймыз. Бір-бірімен байланысқанның барлығының өзіндік байланыс жүйесі бар - бұл тіл. Тіл - бұл табиғи немесе жасанды түрде құрылған және тұжырымдамалық мазмұн мен типтік дыбысты корреляциялайтын күрделі белгілер жүйесі. Дәлірек айтсақ, Тіл - бұл қарым-қатынас құралы және ақпаратты беру тәсілі, өз ойыңды айтуға мүмкіндік беретін әдіс. Сондай-ақ, тіл - мәдениеттің көрсеткіші және адамның тәрбиешісі. Өз ойының айқын көрінісі, бай тіл, сөйлеу барысында сөздерді дәл таңдау адамның ойлау қабілетін және оның адам қызметінің барлық саласында кәсіби шеберлігін қалыптастырады. Өз ұстанымыңызды дәл айта білу - бұл керемет актив. Қазіргі жағдайлар бірнеше тілді білудің маңыздылығын көрсетеді! Әр тіл - бұл мәдениет, ғылым, дәстүр және әлем туралы білуге көмектесетін ерекше жүйе. Әр жүйенің өзіндік ерекшелігі бар, өзіндік ерекшеліктері бар. Ал біз негізгі сұрақты қоямыз - ана тілін шет тілін үйренуде қандай әсер етеді? Тілді үйренудің негізгі аспектілерінің бірі, менің ойымша, тілдік жанұяны, оның тамырларын анықтау. Сонда ғана ана тілін басқа тілмен байланыстыру. Өйткені, оның құрылымы мен ерекшелігін біле отырып, тілді үйрену оңайырақ. Мысалы, қазақ тілі түркі тілдерінің отбасына жатады. Түркі тілдері - бұл көптеген Қазақстан мен Түркия, Иран, Ауғанстан, Моңғолия, Қытай, Румыния, Болгария, Югославия, Албания және Ресей халқының бір бөлігі сөйлейтін тілдер отбасы. Осыдан келіп, түркі отбасының тілдерін зерттей отырып, біз үшін оны түсіну және түсіну оңайырақ болады деген тұжырым шығады. Бұл қазақ тілімен жағымды ұқсастық. Мысалы, қазақ тіліне өте ұқсас түрік тілі. Енді мен оны сізге дәлелдеймін. Қазақ тілі сияқты түрік

түркі отбасына жатады. Сондықтан олардың ортақ көп нәрсесі бар: ұқсас ережелер, сәл өзгеше дыбысталатын, бірақ түркі тілдеріне тән бірдей күйзелісті білдіретін көптеген ұқсас сөздер. Іске кірісейік. Біріншіден, тілдің ережелері мен ерекшеліктері - агглютинативті тілдер қосымшалар, жұрнақтар мен жалғаулардың көмегімен сөз құрайды. 1, 2, 3 жақталардағы қазақ тіліне енудің аяқталуы түрік тілімен сәйкес келеді. Мысалы, кітап сөзі. Бірінші жақта - менің кітабым, түрік тілінде - benim kitabım. Екінші жақта сіздің кітабыңыз, түрік тілінде senin kitabın болады. Түрік тілінде дара санда екінші жақ (құрметті форма) жоқ, түрікше көптікке ауысады. 3 бет те бірдей. Оның түрік тіліндегі кітабы – onun kitabı. Сондай-ақ көпше түрде. Бірінші ұқсастық - әрине қосымшалар мен жұрнақтар. Бұл жалғыз ұқсас ереже емес, олардың көпшілігі бар. Келесі мысалды қарастырайық - көптік жалғаулары. Қазақ тілінде олар лар / лер, дар / дер, тар / терді қолданады. Түрік әр сөзге lar / lerді қолданады. Сөздердің жасалуы үндестік заңы негізінде жүреді деп те айту керек. Дауысты дыбыстардан кейін жұмсақ жалғаулар, одан кейін қатты дауыссыз дыбыстар және т.б. Дәл осы қағида түрік тілінде қолданылады. Бірақ түрік тіліндегі и, о әріптерімен аяқталатын кейбір сөздердің жалғауларында бірдей әріптер бар. Мысалы, гозлугум менің көзілдірігім. Екінші тармаққа, сөздердің ұқсастығына көшейік. Қазақ және түрік тілдерінде көптеген сөздер бір-біріне ұқсас, мағыналары бірдей. Мысалы: кеме-geме, ана-анне, жаз-уаз, бармақ-parmak, ақылды-alıllı, тәрбие-terbiye және т.б. Келесі байланыс нүктесі - сөз екпіні. Қазақ және түрік тілдерінің барлық дерлік сөздерінде екпін басқа буындардан енген сөздерді қоспағанда, соңғы буынға түседі. Әрине, бұл екі тілдің ұқсастығының аз ғана бөлігі. Бірақ осы салыстырумен мен негізгі ойға жеткізгім келді. Шетел тілін үйрену оңай, егер тілдер ұқсас болса, олардың көп ортақ жерлері бар. Бұл түрік тілін үйрену кезінде маған көп көмектеседі.

Екінші жағынан, ана тілінің әсері теріс болуы мүмкін. Көптеген адамдар сөйлемдер мен сөздердің белгілі бір көлемін білу, оларды қандай қарым-қатынас жағдайында қолдануға болатындығын біліп, содан кейін ғана грамматика мен емле ережелерін қолданып, өз ойларыңызды жоспарлау және білдіру үшін сөйлемдерді білуге жеткілікті деп санайды. мен келісе алмайтын тіл. Студент шет тілін өзінің ана тілі ретінде білмейді, содан кейін іс жүзінде ол осы негізгі заңдылықтарды қолдана алмайды, сондықтан өз ойын білдіру үшін оған ана тілінің заңдылықтары мен құрылымдары әсер етеді. Олар өз тілдерін қабылдауды шет тіліне аударуға тырысады. Бірақ бұл дұрыс емес. Егер тілдер мүлдем өзгеше болса, онда ана тілінің ықпалы төмендейді. Мен мұғалімдер мен тіл үйренушілердің өздері байланыс нүктелері жоқ тілдерді оларды салыстыру арқылы үйренудің дұрыс еместігін түсіну керек деп санаймын. Мен сізге көрсетуге тырысамын. Мысалы, Мысалы, ағылшын тілі - үндіеуропалық отбасының ағылшын-фриз кіші тобының тілі. Бұл тілдер бір-бірінен өте көп алшақтайды, яғни олардың ерекшеліктері жағынан ортақ жақтары аз. Ағылшын тіліндегі сөздің жасалуы мен жасалуы сәл өзгеше. Терезені ашамын, бүгін ыстық. Егер біз оқыту әдісін қазақ тілінен аударатын болсақ, онда ағылшын тілінде бұл дыбыс болуы керек: I window open. Today hot Бірақ бұл дұрыс емес, өйткені ол дұрыс болады: I open the window. Today is hot. Сондықтан түсіндіру қате болуы мүмкін. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлем құрауға қызмет ететін арнайы етістік бар деп айту керек. Бұл to be етістігі. Барлық тілдердегі сияқты, ағылшын және қазақ тілдерінде де шақ бар. Бірақ уақыт әр түрлі жолмен қалыптасады. Мысалы, ағылшын тілінде болашақ мінсіз шақ will have сөздерімен жасалады, ал қазақ тілінде ол мүлдем өзгеше. Айтпақшы, ағылшын тіліндегі қиын шақтарда әртүрлі формадағы етістіктер қолданылады. Мысалы, write wrote written. Қазақ тілінде етістіктің мұндай түрлері жоқ. Сондықтан сөйлемдердің құрылысы аздап өзгеше жүреді. Сонымен қатар, ағылшынша қазақ тілінде жоқ предлогтар өте көп. Мысалы, мен мектепте қаламын. Қазақ тілінде бұл сөз болады - мен мектепте қаламын. Сөзжасамда көсемше жергілікті іспен ауыстырылды. Сонымен қатар, сіз сөздердің айтылуы туралы айта аласыз. Ағылшын тілінде әріптер нақты айтылады, бірақ бір сөзбен олар мүлде басқаша болып шығады. Ал қазақ тілінде әріптер әрқашан бірдей айтылады. Бұл қай тілдердің әртүрлі екенін көрсетеді. Адамдар өз тілінің құрылымын басқасына

ауыстыра алмайды. Мен тілдер мүлдем ұқсамайды деп айтпаймын, әр тілдің басқаларымен ортақ қасиеттері бар. Негізінен тіл басқа мәдениетті, басқа әлемді бейнелейді. Осы әлемді құшақтап, байып кетсеңіз жақсы болар еді. Алайда, шет тілін оқуда ана тілін қолдану шетел тілін оқытудың ең тиімді қағидаларының бірі болып табылады, оны тіл үйренудің әр түрлі кезеңдерінде қолдану керек. Бұл қағида студенттерге шет тілін үйренудің нәзік тұстарын айқын көруге, зерттелетін тілдің мәдениетіне терең енуге мүмкіндік береді. Ана тілін ескеру принципі, басқа принциптер сияқты, шет тілін оқытуда көмектеседі. Енді шет тілін үйрену кезінде ана тілін қолдану мүмкін емес. Бұл кездейсоқ, өздігінен, табиғи түрде болады. Грамматикалық құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, фразеологиялық бірліктерді, аударма тәсілдерін түсіндіру - мұның бәрі ана тіліне арқа сүйей алмайды. Біз оны қолданамыз. Зерттеулерге қарамастан ана тілінің шет тіліне әсерін зерттеу мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті мәселе болып қала береді. Демек, бұл жақсы болады. шет тілдерін оқытуда, сондай-ақ оқытудың жаңа әдістерін дайындау мен қолдануда ана тілін еріксіз оқытуды қолдану және пайдалы бағытта қолдану. Сайып келгенде, біз бұл әңгімеде ана тілінің басқа тілді үйренудегі әсерін талқыладық. Мен ана тілі шет тілін қай тілді меңгергеніңізге және тілдің қай отбасына жататындығына байланысты әсер етеді деген қорытындыға келдім. Егер басқа тілдің тамырлары немесе ұқсас құрылымдары болса, ана тілі сізге ең жақсы дос ретінде шет тілін үйренуге көмектеседі. Ал егер тілдер әр түрлі болса, онда ана тіліңіздің ықпалы шектеулі.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Язык>.
 2. Н.З. Гаджиева «Тюркские языки».
 3. «Исследование грамматики связей на примере казахских и турецких языков».
- А.М.Бакиева, Т.В.Батура, А.С. Еримбетова, М.В. Митьковская, Н.А. Семенова.



*Г.К. Ольчикенова, «Аймақтану» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Даркенов Қ.Ғ., т.ғ.к., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.*

ШЫҢЖАҢ-ҰЙҒЫР АВТОНОМИЯЛЫҚ АУДАНЫНЫҢ ҚЫТАЙДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ ИМИДЖІНДЕГІ РӨЛІ

Андатпа. Мақалада Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының адам құқықтары контекстіндегі халықаралық қоғамдағы Қытай Халық Республикасының қабылдауына әсері мен жағдайы қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ШҰАА-да адам құқығының бұзылуын халықаралық қоғам "геноцид" ретінде қарастыратындығымен негізделеді. Мемлекеттің автономды аудандарға қарасты саясаты титулды ұлттардың басым қоныстануына байланысты ерекшеліктерге ие болғандықтан, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының да бірқатар заңнамалар енгізілген. Қытай үкіметінің стратегиялық маңызды аудандағы ханьдық емес азаматтарға қарасты әрекеттерге байланысты, бірқатар мемлекеттермен осы ауданда адам құқықтарының бұзылуы туралы айыптаулар тағылды. Осы айыптаулар мемлекеттік ресми деңгейде де, зерттеу орталықтарының баяндамаларымен жарияланды. Бұл зерттеулер мен Қытай тарапының айыптауларға жауаптары мақалада талданған.

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан және ҚХР-ның ең үлкен аумақтық әкімшілік бірлігі болып саналады. ШҰАА Қытай үшін экономикалық және саяси тұрғыдан стратегиялық маңызды әкімшілік бөлік. Ауданның

ерекшелігі географиялық орналасуымен сипатталады. Қытайдың Орталық Азиядағы белсенді жұмсақ саясаты, сондай-ақ іске асырылып жатқан "Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі" жобасы елге Азияның бірқатар елдеріне тұрақты әсер етуге мүмкіндік береді. ШҰАА-ның тұрақсыз мұсылман елдеріне жақын географиялық орналасуы терроризм мен діни экстремизмнің таралуына қауіп төндіреді. Қытай үкіметі тек осы аймаққа тән ұлттық саясатты мойындайды және радикалды қозғалыстарды таратпау үшін өз әдістерін қолданауын мәлімдейді. Си Цзиньпиннің жаңа дәуірдегі Қытай ерекшелігі бар социализм туралы идеялары ҚХР Конституциясына ресми енгізілген 2018 жылдан кейінгі Қытайдың ШҰАА-дағы саясатына мән беру маңызды[1]. Қазірде Шыңжаң әлеуметтік-экономикалық дамудың озық көрсеткіштерімен сипатталатынын Қытай үкіметі 2020 жылғы жарық көрген «Шыңжаң: Еңбек және жұмыспен қамту қауіпсіздігі» ақ кітабында келтірген. Үкімет халықты жұмыспен қамту, кедейшілікпен күрес мәселелеріне аса мән береді. 2014 жылдан 2019 жылға дейін Шыңжаңдағы жұмысшылардың жалпы саны 11,352,400-ден 13,301,200-ге дейін немесе 17,2%-ға өсті; қалаларда жұмыспен қамтудың орташа жылдық өсуі 471,200-ден астам адамды құрады, олардың 148,000-ы Шыңжаңның келеді, бұл 31,4% құрайды; ауылдық жерлердегі жұмыс күшінің орташа жылдық көрсеткіші 2,763 миллион адамды құрайды, оның 1,678 миллионы Шыңжаңның оңтүстік аймақтарына тиесілі, бұл көрсеткіш 60%-тан асады[2]. Келтірілген инвестициялар мен инфрақұрылымды құру туралы ресми нәтижелерге күмән келтірмейді. Шыңжаң аймағының экономикалық дамуын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, АҚШ пен Еуропа елдерінің ШҰАА-дағы этникалық азшылықтардың құқықтарының бұзылуы мен «қайта тәрбиелеу лагерьлерінде» әртүрлі деректер бойынша 1 млн-нан 3 млн-ға дейін адам күштеп ұсталады деп айыптау үстінде.

Қытай үкіметінің «лагерьлерге» берген анықтамасында, Шыңжаңда кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері платформасы болып табылатын даярлау моделі қалыптастырылды, оның негізгі мазмұны - елдің жалпыға ортақ пайдаланылатын тілін зерделеу, құқықтық білім, кәсіби дағдылар қалыптастыру және экстремизмнің алдың алу мен оның таралуы бойынша жұмыс жүргізу, ал негізгі бағыты - білім алушыларды жұмысқа орналастыру. Қытайда 2001 жылғы терроризмнен кейін және де 2009 жылғы Үрімшідегі тәртіпсіздіктерден кейін жаңа заңнамалық актілер қабылданды: "Терроризмге қарсы заң" (2015), "ШҰАА-дағы экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелер" (2017). Шыңжаң заңға сәйкес кәсіптік-техникалық білім беру және дайындық бағдарламасын іске қосты. Оның мақсаты-терроризмді және діни экстремизмді қоректендіретін орта мен негізден айыру және зорлық-зомбылық қылмыстарын жасалғанға дейін тоқтату[3]. Алайда, Human Right Watch 2017 жылдан бастап лагерьлерді ұйғырлар мен басқа мұсылмандарды идеологиялық тұрғыдан өзгерту үшін қолданылған деп мәлімдейді. Бұл бүкіл халықты жаппай бақылау мен саяси идеологиялық өңдеуді қамтиды. ШҰАА-ға түркі тектес мұсылмандарға қатысты жаппай еркінен тыс ұстау, азаптау және заңсыз әрекет фактілері келтірілген[4]. Қытай Халық Республикасының тарапы келтірілген мәліметтерді жоққа шығарады және де «адам құқықтары саясаттандырылған тақырып» деп жауап беруде[5]. Аудандағы оң экономикалық статистика Қытайдың саясатына қарасты өз мүдделерін көздейтін мемлекеттер тарапының көзқарастарын өзгерту мүмкіншілігі аз.

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының жағдайын халықаралық деңгейде қарастыруды ресми түрде БҰҰ-ның Адам құқықтары жөнінде комитетке хаттама жолдаудан бастап қарастыруға болады. Шілде айының басында 2019 жылы БҰҰ-на 22 ел Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы азаматтарының адам құқықтары туралы мәселеге байланысты алаңдатушылық білдіру туралы хаттама жолдады[6]. Қытайды сынаған алғашқы хатқа қол қойғандардың қатарына: Австралия, Австрия, Бельгия, Канада, Дания, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Исландия, Ирландия, Жапония, Латвия, Литва, Люксембург, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Испания, Швеция, Швейцария және Ұлыбритания жатады. Жауап ретінде ҚХР-ның ШҰАА-ға байланысты ішкі саясатын

қолдайтын хаттамаға сол жылдың 12-шілдеде 37 мемлекет қол қойды[7]. Екі хатқа қол қойған мемлекеттердің аймақтық айырмашылығын байқауға болады. Егер екінші хаттамаға қол қойған мемлекеттердің басым көпшілігі Таяу Шығыс, Африка мемлекеттерінен және ислам дінін ұстанушылардың басым көпшілігі бар Сауд Арабиясы мен Пәкістаннан болса, бірінші хаттамада Еуропалық мемлекеттер басымдылығын және мұсылмандық мемлекеттердің жоқ екенін айтуға болады. Бірақ, Қытайға қолдау білдірген елдерге талдау жасасак, мамандар пікірінше Ресей, Иран, Сауд Арабиясы, Пакстан адам құқығы жиі бұзылатын елдер санатында. Олар Қытайды қолдау арқылы ынтымақтастық белдеуін құруда. Екіншіден, қолдаушылардың келесі тобы Қытайға экономикалық тұрғыдан тәуелді немесе «қарыз қақпанындағы» мемлекеттер. Бұл ретте Қытайды халықаралық деңгейде айыптауға оның белгілі бір мемлекеттегі экономикалық ықпалы әсер ететіні белгілі. Ал Ресей Федерациясы, Сауд Арабиясы сияқты мемлекеттерде құқық бұзушылық айыптары жиі кездесетіндіктен, Қытайды қолдауды өз-өздерін айналма жолмен қорғау құралы ретінде қарастыруға болады.

АҚШ тарапына келетін болсақ, 2018-жылдан бері «қайта тәрбиелеу лагерлеріне» байланысты тақырыптарды елшілік деңгейінен бастап қозғай келе, 2019 жылдың күзінде Өкілдер Палатасы лагерерлерді жабуды талап ету туралы заңға қол қойды. Сонымен қатар, Республикалық Партия өкілінен «бұл адамзатқа қарсы қылмыс» деген пікір айтылды[8]. 2021 жылы Майк Помпео да «...Қытайда билігін жүргізіп жатқан Компартия этникалық азшылықтарға геноцид және адамзатқа қарсы қылмыс жасап жатыр...» деген позиция ұстанды [9]. Помпеоның ШҰАА-дағы ұйғырлардың жағдайы туралы мәлімдемесі Вашингтонда әкімшілік ауысқанға дейін бір күн бұрын таратылды. Айтылған айыптаудан кейін, АҚШ-тағы Вашингтондағы Newlines Institute зерттеу институты 6 тілде «Ұйғыр геноциді» атты зерттеу жариялады. Жасалған зерттеуге сәйкес «геноцид» ұғымын 1948 жылғы БҰҰ Конвенциясының II бабы аясында келесі анықтамалар бойынша: «а) осы топ мүшелерін өлтіру; б) осы топ мүшелерінің денесін жарақаттау немесе осы топ мүшелерінің ақылойына зиян келтіру; с) қандай да бір топ үшін оны толықтай немесе ішінара жоюға жағдай туғызу» ШҰАА-дағы жағдайға байланысты қарастырылған. Вена Конвенциясын ҚХР 1948 және 1983 жылы қол қойып. ратификациялаған [10]. Бұл баяндамада Қытайдың геноцид туралы Конвенцияның II бабын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады ма, яғни, Қытай Конвенцияның II бабында анықталғандай ұйғырларға қарсы геноцид жасауда жауапты ма, жоқ па деген заңды мәселе қарастырылды. Нәтижесінде, баяндамада келесі мәлімдемелер жасалды: бүкіл аймақта ұйғырларда туудың күрт төмендеуі байқалды; ұйғыр мәдениеті, тарихы мен әдебиеті бойынша оқулықтар Шыңжаң оқушыларының сыныптарынан алынды: лагерьлерде тұтқындарға қытай тілін мәжбүрлеп үйретеді, егер олар бас тартса немесе сөйлей алмаса, азапталады; Қытай үкіметінің ресми баспасөздері мен құжаттары ұйғырлар мен басқа мұсылман азшылықтарын "арамшөптер" және "ісіктер" деп атайды; үкіметтің бір нұсқауы жергілікті билікті "өз ұрпақтарын бұзуға, тамырларын бұзуға, байланыстарын үзуге және шығу тегін бұзуға" шақырды[11]. Зерттеу нәтижелерін институт қолдану керек іс-әрекеттерге нұсқаулық ретінде емес, осы тұжырымдаманың шешімдерінде қызығушылық танытқан мекемелер мен субъектілермен ақпарат және талдаумен бөлісуі ретінде жайғастырады. АҚШ-тың осы тақырыпта зерттеу жүргізуі БАҚ құралдарындағы шабуылдаудан, енді ғылыми аргументтелген дәлелдеуге өтті. Талдау нәтижелеріне Қытайдың ең ақпараттандырылған ағылшын тіліндегі газеті The Global Times-қа берген сұхбатында Ли Хайдун, Қытай сыртқы істер университетінің халықаралық қатынастар институтының профессоры, келтірілген дәлелдер жалғандығына нұсқады. Халықаралық қауымдастыққа жалған ақпарат таратудажәне бұл тәуелсіз және бейтарап институт емес, нақты саяси күштерге қызмет ететін институт деп мәлімдеді[12]. АҚШ мүдделерін айқындасак, ең біріншіден, геноцид тақырыбын қозғай отыра, Қытайдың жұмсақ күшін әлсіретіп, өз қоғамдарында тақырыпты үрлеу арқылы Батысқа Қытайға қатысты қатаң саясатқа жол ашуға тырысуы мүмкін. Сонымен қатар, мұсылман елдері мен Қытай

арасындағы қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсаттары көрінеді. Бұл АҚШ-тың Covid-19 дәуірінен кейінгі халықаралық тәртіпті өз есебіне қалпына келтіруге, жаһандық жоғары технологиялық тауар жеткізілім тізбегін құруға және әлемді басқаруға бағытталған күрделі және нақты әрекеттер болуы мүмкін. Осы айыптауларға байланысты Қытай Халық Республикасының имиджіне келетін болсақ, әлеуметтік зерттеулер жүргізу орталығы Pew Research Center 2020 жылы Қытайдың қоғамдық қабылдауына байланысты талдау жариялады. Қытайдың қабылдауы соңғы онжылдықта экономикасы дамыған 14 елде нашарлағанын және өткен жылы бұл көрсеткіш айтарлықтай төмендегенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан елдер халқы арасында Қытай қолайсыз ел деп саналады және қазіргі 14 рецензенттің 9-нда көрсеткіш соңғы 12 жылдағы деңгейден де төмен. Сондай-ақ, Си Цзиньпиннің әлемдік істерге қатысты "дұрыс әрекет жасау" ықтималдығына сенімсіздік бар [13].

Кесте: Экономикасы дамыған елдердегі Қытайдың теріс бағалауы өсуде

Мемлекет	2010		2020	
	жағымсыз %	жағымды %	жағымсыз %	жағымды %
Австралия	40	52	81	15
Ұлыбритания	16	65	74	22
Германия	37	46	71	25
Нидерланды	34	56	73	25
Швеция	40	43	85	14
АҚШ	35	43	73	22
Оңтүстік Корея	31	66	75	24
Испания	21	57	63	36
Франция	42	58	70	26
Канада	58	27	73	23
Италия	61	27	62	38
Жапония	42	55	86	9

Қайнар көзі: Pew Research Center www.pewresearch.org[13]

Бұл үрдіске түрткі болған факторлардың бірі-Қытайдың өткен жылдағы іс-әрекеттері. COVID-19 шығу тегі туралы ашықтықтың болмауы және кейіннен жалған ақпарат беруі Қытайдың бүкіл әлемдегі беделін төмендетуге ықпал етті. Қытайдың халықаралық мойындалған ережелер мен нормаларды елемеге дайын екендігі тағы бір жағымсыз элемент болып табылады, бұл елдерге де, қоғамға да Қытаймен өзара әрекеттесуде сенімді жоғалтуға әкеледі. 2020 жылы Pew Research Center есебінде атап өтілген бірқатар дамыған елдердің үкіметтері өздерінің маңызды технологиялық инфрақұрылымын Қытайдың ұлттық технологиялық алыптарынан бөлуге күш салды. АҚШ-тың күші әсіресе Қытай компанияларын 5G ұлттық платформаларын құрудағы рөлінен айыруға бағытталған. Бұл әрекет Қытайдың ұлттық қауіпсіздікпен тығыз байланысты саладағы біріншілікке деген геосаяси ниетіне деген сенімсіздігін көрсетеді. Қазірде Қытай өзінің жаһандық ықпалын қатаң әскери күш пен экономикалық тұтқалардан тыс кеңейтуге тырысады. Бұл климаттың өзгеруі саласындағы "жұмсақ күш" бастамаларына, білім алмасу бағдарламаларына, оның негізгі халықаралық ұйымдардағы рөлін кеңейтуге және Конфуций институттарын таратуға бағытталған. Бірақ Pew Research Center зерттеуі кем дегенде дамыған елдер арасында қытайдың жұмсақ күшінің салмағы аз екенін айтады. Дамыған экономикасы бар елдер арасында қытайдың беделінің нашарлауы оның қатаң билігін жүзеге асыруына кедергі жасамаса да, бұл Пекинге тиімді халықаралық көшбасшылық үшін қажет серіктестік қатынастарды құру және қолдау қиынға соғады дегенді білдіруі мүмкін.

2021 жылы Канада, Америка Құрама Штаттары, Нидерланды аталған аудандағы ҚХР-ның әрекетін геонцид ретінде ресми түрде жариялады [14, 15]. Канада қауымдар

палатасының мәлімдемесінде, Шыңжаңда ұйғырларға қарсы жасалған актілер геноцид екенін мойындау және ұйғырларға қарсы жасалған актілердің геноцид екенін мойындау үшін халықаралық органдардың құқықтық шеңберлерінде жұмыс істеу туралы жазылған[15]. АҚШ-тан кейін Канаданың осы тақырыпта ресми түрде пресс-релиздің шығуы екі мемлекет Қытайға қарасты "бәсекеге қабілеттілікті арттыруға" келісікенін тұжырымдауға болады. Америка президенті Джо Байден Канада премьер-министрі Джастин Трюдомен қашықтықтан кездесуден кейін, қытай мәселесін әлемдік сын-қатерікөзқарасы тұрғысынан талқылағаны белгілі болды[16]. Канада басшылығы мен Трамп арасындағы өте күрделі қарым-қатынасты ескере отырып, Канада қазір кейбір жеңілдіктер бере отырып АҚШ-пен жоғалған байланыстарды қалпына келтіруге тырысады. Канада басшылығы ҚХР-мен ынтымақтастықтың экономикалық пайдасын АҚШ-тың Қытайға қарсы саясатының аясында болу мүмкіндігімен алмастыру туралы шешім қабылдаған болуы мүмкін. Канадалық бизнес көбінесе қытай капиталына тәуелді екенін ескере отырып (Канадаға ҚХР-дан 2005 – 2019 жылдар аралығында 56.9 млрд. \$ инвестициялаған), Канада тарапы АҚШ-пен бірге өткізгісі келетін Қытайға қарсы саясаттың салдарынан айтарлықтай қиындықтар мен жағымсыз салдарға тап болатынын ескерген болу керек[17]. Нидерланды 2021 жылдың 5-ақпан Шыңжаңдағы мәселені парламент деңгейінде бірінші болып жариялаған Еуропалық мемлекет[14]. 22-наурыз күні Еуропалық Одақ Қытайдың төрт шенеунігіне, оның ішінде қауіпсіздік қызметінің аға директорына, Шыңжаңдағы адам құқықтарын бұзғаны үшін санкциялар енгізді, бұл 1989 жылы Тяньаньмэнь алаңындағы демонстрацияны таратқаннан кейін, қару-жарақ эмбаргосы енгізілгеннен кейін ҚХР-на қарсы алғашқы санкциялар болды [18]. ЕО санкциялары Шыңжаңда тұтқындауды жүзеге асырған жеке шенеуніктерге бағытталған. Өткен жылы ғана Қытай ЕО-ның ең маңызды сауда серіктесі болды, ал 2020 жылы ЕО-ға Қытай экспорты 384 миллиард еуроға жетті. ЕО-ның Қытайға экспорты 203 миллиард еуроны құрады және соңғы 20 жыл ішінде ЕО-ның Қытайға тікелей инвестициясы 140 миллиард еуродан асты. Екіншіден, Қытайдан ЕО-ға 120 миллиард еуро тікелей инвестиция түсіп, өткен жылдың соңында одан әрі дами түсті[19]. ЕО Қытаймен инвестициялық келісімге қол қойды[20]. Бұл келісім Шыңжаң провинциясындағы адам құқықтары туралы жағдайға байланысты сынға ұшырады. Бұл иллюзияның аяқталу кезеңі, ЕО бұл мәселеге соңында бәрібір де тап болды. Мәселені Байденнің жаңа әкімшілігінің контекстінде қарастыруымыз керек, оның Қытайға қатысты нақты саясаты бар және еуропалықтар да осы оқиға желісін алады. Санкциялардың орынды және нақты мақсаты бар, бағытталған және тиімді болады. Қытайлық тараптан БАҚ-тарды қарастырсақ, дәл осындай мақсатты жауап болуы мүмкін және Шыңжаңдағы лагерьлерде не болып жатқандығы туралы зерттеген ғалымдар соңынан еруі мүмкін. Немесе ЕО шенеуніктеріне көбірек көңіл бөлуі мүмкін, бірақ бұл қалай болатынын болжау әлі де қиын. Себебі, бұл ЕО үшін жаңа алаң. Дегенмен, жауаптың қандай да бір түрі болатынына күмән жоқ. Желтоқсан айының соңында келісілген Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісімшартқа келетін болсақ, жасалған санкция аясында аралас сезім тудырады және Қытай оны Еуропалық парламент ратификацияламауы мүмкін деп күмәнданатын болар. Келісімді саясаттандыруға болмайды және ол осы уақытқа дейін жүріп келе жатты. Алайда, келісім ратификацияланбаса, бұл Қытайдың әлемдегі имиджіне бұдан да теріс ықпал етуі мүмкін.

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы этникалық азшылықтарға «адам құқықтарының шектеу» айыбын Халықаралық Сотта дәлелдеуге немесе теріске шығаруға болар еді. Дегенмен, Қытай Халықаралық Соттың мүшесі болмағандықтан, өзін Вена Конвенцияның IX бабымен байланысты деп есептемейтіні туралы геноцид конвенциясына біржақты ескертпе жасады. Қытай үкіметінің ұйғырлар мен басқа да түркі мұсылмандарына қатысты адам құқықтарын елеулі бұзушылықтар жасағаны үшін жауапты барлық лауазымды адамдарына қарсы санкциялар енгізу, Қытайды айыпты деп тапқан мемлекеттердің құралы болып тұр.

Әдебиеттер тізімі

1. 习近平新时代中国特色社会主义思想/Электронды ресурсы/09.26.2018
<https://baike.baidu.com/item/%E4%B9%A0%E8%BF%91%E5%B9%B3%E6%96%B0%E6%97%B6%E4%BB%A3%E4%B8%AD%E5%9B%BD%E7%89%B9%E8%89%B2%E7%A4%BE%E4%BC%9A%E4%B8%BB%E4%B9%89%E6%80%9D%E6%83%B3/22176950?fr=aladdin>
2. 《新疆的劳动就业保障》白皮书/Электронды ресурсы/ 17.09.2020
http://www.gov.cn/zhengce/2020-09/17/content_5544154.htm
3. Интервью у председателя правительства СУАР КНР: о профессионально-техническом образовании в СУАР/Электронды ресурсы/12.05.2018 <http://kg.china-embassy.org/rus/zyxxfb/t1619260.htm>
4. 2020 China: Baseless Imprisonments Surge in Xinjiang/Электронды ресурсы/24.02.2021 <https://www.hrw.org/news/2021/02/24/china-baseless-imprisonments-surge-xinjiang>
5. China rejects genocide charge in Xinjiang, says door open to U.N./Электронды ресурсы/22.02.2021 <https://www.reuters.com/article/us-china-rights-idUSKBN2AM1UX>
6. The original document for the forty-first session of the Human Rights Council/Электронды ресурсы/ 08.07.2019
https://www.hrw.org/sites/default/files/supporting_resources/190708_joint_statement_xinjiang.pdf
7. International response to China actions in Xinjiang /Электронды ресурсы/ 2019 https://www.economist.com/sites/default/files/images/print-edition/20190727_CNM997.png
8. Uyghur bill demanding sanctions on Chinese officials passes US House of Representatives/Электронды ресурсы/ 04.12.2019 <https://www.abc.net.au/news/2019-12-04/uyghur-bill-passes-us-house-of-representatives/11765684>
9. U.S. Says China Is Committing Genocide Against Uighur Muslims /Электронды ресурсы/ 19.01.2021 <https://www.wsj.com/articles/u-s-declares-chinas-treatment-of-uighur-muslims-to-be-genocide-11611081555>
10. 防止及惩治灭绝种族罪公约/Электронды ресурсы/ Қаралу күні: 22.03.2021 http://www.npc.gov.cn/wxzl/wxzl/1983-03/05/content_1461955.htm
11. THE UYGHUR GENOCIDE: An Examination of China's Breaches of the 1948 Genocide Convention/Электронды ресурсы/ 08.03.2021 <https://newlinesinstitute.org/wp-content/uploads/Chinas-Breaches-of-the-GC3.pdf>
12. DC-based think tank attacking China on Xinjiang has doubtful identity/Электронды ресурсы/10.03.2021
<https://www.globaltimes.cn/page/202103/1218020.shtml>
13. Unfavorable Views of China Reach Historic Highs in Many Countries/Электронды ресурсы/ 06.10.2020
<https://www.pewresearch.org/global/2020/10/06/unfavorable-views-of-china-reach-historic-highs-in-many-countries/#negative-views-of-china-on-the-rise>
14. Netherlands joins US and Canada in declaring Chinese treatment of Uyghurs 'genocide'/Электронды ресурсы/ 01.03.2021 <https://www.jurist.org/news/2021/03/netherlands-joins-us-and-canada-in-declaring-chinese-treatment-of-uyghurs-genocide/>
15. STATEMENT BY THE SUBCOMMITTEE ON INTERNATIONAL HUMAN RIGHTS CONCERNING THE HUMAN RIGHTS SITUATION OF UYGHURS AND OTHER TURKIC MUSLIMS IN XINJIANG, CHINA/Электронды ресурсы/ 21.10.2020 <https://www.ourcommons.ca/DocumentViewer/en/43-2/SDIR/news-release/10903199>
16. Biden holds first foreign meeting with Canada's Justin Trudeau/ Электронды ресурсы/ 24.02.2021 <https://www.bbc.com/news/world-us-canada-56177486>
17. 中国能主导全球投资市场吗？/Электронды ресурсы/,-2019
<https://chinapower.csis.org/china-foreign-direct-investment/?lang=zh-hans>

18. EU imposes further sanctions over serious violations of human rights around the world/Электрондыресуыс/22.03.2021<https://www.consilium.europa.eu/en/press/press-releases/2021/03/22/eu-imposes-further-sanctions-over-serious-violations-of-human-rights-around-the-world/>

19. EU and China /Электронды ресуыс/ 23.02.2021 <https://ec.europa.eu/trade/policy/countries-and-regions/countries/china/>

20. Commission publishes market access offers of the EU-China investment agreement/Электрондыресуыс/12.03.2021 <https://trade.ec.europa.eu/doclib/press/index.cfm?id=2253>



*А. Жанғали, «Есеп және аудит» мамандығының І курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Сағатова Ш.Б., ф.ғ.к.
ҚазЭҚХСУ, Нұр-Сұлтан қ.*

ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене іс-қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Әдетте мәдениетті қоғамның оқу-білім, ғылым, өнер т.б рухани табыстарының жиынтығы деп білеміз. Тіл – мәдениеттің елеулі формасы. Осы ретте оның мәдениетті дамытудағы алатын орны ерекше болмақ. «Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысын емес, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екендігін көрсетеді», - деп түсіндіреді М.Балақаев [1, 17 б.].

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асыратын – тіл. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, айтысу, т. б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді [2, 17 б.].

Л. И. Ожегов: «Тіл мәдениеті – бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Ойын жеткізуде дәл әдіс таба білу ғана емес, сондай-ақ орынды сөйлеу» - деп тұжырымдайды [3, 287 б.].

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова тіл мәдениеті: «Тіл мәдениеті дегеніміз — сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [4, 24–25 б.].

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да

мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі маржандай екен» деп дәріптейді.

Сөйлеу мәдениетінің басты ұстанымы – орфоэпиялық норма. Орфоэпиялық норма — сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма-сөздерді іріктеп, сұрыптап қолдану, талғаммен қолдану, грамматикалық нормалар – сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма, бірақ кейбір стильдердің ауызекі сөйлеу стилінде бір септіктің ішінде басқа септік тұлғалары айтылу сияқты грамматикалық қате құрылымдар кездеседі. Бұл бір жағынан жеке адамдардың тіліндегі қолданыс та болып саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы, көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене іс-қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру де сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жетуіміз қиын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады.

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті өзгеше дәрежеде, жастардың бір ауыз сөзді кібіртіктеп, ойланып барып әрең жеткізетінін көріп жүрміз. Тілді бақылау жүйесінен, нақты тіл саясатынан, цензурадан және қазіргі заманғы көркем әдебиеттен бас тарту, компьютерлік-технологиялық прогресс ең алдымен жастардың тұтас тілдік бейнесін бұзды. Сөйлеу барысында жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар. Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді. Мысалы; түк те емес – чепуха; демалыс – халява; күлкі – угар; арзан – фуфло; масс – бухой; сәнді – гламурный, т. с. с.

Жастардың сөйлеу мәдениетінде көзге түсетін, құлаққа жағымсыз да естілетін, өзіне тән тілдік ерекшелігі байқалатын тілдік элементтер бар. Сондай ерекшеліктердің бірі – жаргон, сленг сөздер.

Қазіргі жастардың сленг және жаргон сөздеріне мысалдар:

1. Жындыларский зат- күшті зат
2. Базар жоқ- сөз жоқ
3. Типаж болу, блатной- өзімшіл, өркөкірек
4. Құлаққа лапша ілу- өтірік айту
5. Капустаға қарау- қаржы (материалдық) жағдайына қарау
6. Ауру- адамға маза бермейтін адам
7. Қуғынбай -артық сөйлеп кеткен, мылжың
8. Сасымашы- босқа сөйлемей
9. Крышасы бар, танкасы бар- қолдау көрсететін ағасы бар
10. Зубрить- жаттап алу
11. Читалка- оқу залы
12. Препоуд- мұғалім, ұстаз
13. Инет- ғаламтор
14. Потеря болу- кобалжу, әбіржу
15. ё моё- мәссаған, таң қалу
16. Сушняк- сусын
17. кумашы — бос әңгіме, болмайтын нәрсе айтқанда қолданады

18. Мықты шарит, прошаренный — ойлау қабілеті жылдам
19. типа — сол сияқты, тәрізді, секілді
20. Забей — ұмыт, қоя сал
21. тема екен — күшті, керемет екен

Қорыта айтқанда, жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлу керек. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралап қарау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтқандай «тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады» дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі / М. Балақаев.- Алматы: Мектеп, 1987.- 272 бет.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев.-Алматы,1984
3. Ожегов Л. И. Лексикология. Лексикография. Культура речи / Л. И. Ожегов. - М.: Высшая школа, 1974. - 352 с.
4. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптасуы.-Астана: Елорда, 2001.2; 24-25 б.

*А.М. Тасболатов, «Туризм» мамандығының I курс студенті
Ғылыми жетекшісі: С.А. Рахимбекова, ф.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ, Нұр-Сұлтан қ.*

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАННЫҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨРІНІС

Андатпа. Мақалада әйгілі жазушы Дүкенбай Досжан шығармаларының жалпы қоғамның әлеуметтік-гуманитарлық жағдайын бейнелейтін көркем образдары қарастырылады. Мақалада қазіргі қоғамның жазушының өз шығармаларында суреттеген әлеуметтік жағдайына ұқсас кейбір әлеуметтік жақтары көрсетілген. Қоғамның әлеуметтік құбылыстары қоршаған ортаға әсер етеді. Сондықтан олардың даму динамикасын көркем сөз призмасы арқылы қадағалау өте маңызды. Жазушы қазіргі қоғамның әлеуметтік позициясының даму тарихын көрсете отырып, өз заманының нақты оқиғаларын батыл суреттеді.

Бүгінгі таңда қазақ халқының танымал жазушысы Дүкенбай Досжанның шығармаларындағы кейіпкер образы ерекше сомдалып, қазіргі таңдағы әлеуметтік жағдайды шебер суреттеп берген.

«Әр дәуірдің әдебиеті– сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шыңдап» қанақоймай, келешекке – келер ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын құдіретті күші» [1,7], – деп ғалым Зейнолла Қабдолов айтып өткендей, өткен дәуір мен жаңа ғасырдың жаршысындай болған оның қай шығармасы болмасын ащы да тұщы өмірдің бет-бейнесін айқындап тұрады.

Қаламгер өз заманының өзекті шындығын өз шығармаларында жаңа уақытқа үн қосумен бірге,іс-әрекеті, мінезі нағыз табиғи қалыпта бейнеленген кейіпкер сомдауға талпынып, өмір шындығының қайшылықтарын толық мәнінде бейнелеуге тырысады.

«Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс. Қоғамдық сананың бір түрі ретінде көркем әдебиет қай ғасырда болса да, сол

заманғы адамдардың бір-біріне деген қатынасын, ой-арманын, дүниетанымын байқатпақ» [2,6], – деген болатын ғалым Мүслім Базарбаев өз еңбегінде. Ал Чернышевский болса, «шығарманың шын мазмұны – тек адам өмірі» [1, 56], – дейді. Демек, туындының қандай түрі болмасын, әрқайсысы өз тілінде өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен мағынасынбаяндап жатады. Сол арқылы көркем сурет туады.

